

"Шығыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлік беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2016 жылғы 31 қазандағы № 1-НҚ нормативтік қаулысы күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2020 жылғы 2 қарашадағы № 5-НП нормативтік қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 қарашада № 7778 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 30-бабының 4-тармағына, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 14 шілдедегі № 5/39-VI шешімімен бекітілген "Шығыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі ережесінің 6-тармағына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шығыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының "Б" корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлік беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4755 болып тіркелген, 2016 жылғы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде, 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 152 "Дидар", 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 152 "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) Шығыс Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2016 жылғы 31 қазандағы № 1-НҚ нормативтік қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы нормативтік қаулы 2020 жылғы 5 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Тексеру комиссиясының төрағасы

Е. Тұрсынғалиев